

АЙМАҚ

**ҚАЛА ӘКІМІНІҢ
ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА**

2-бет

ҚОҒАМ

**САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ
ЖАҢА ҚҰРАМДА
САЙЛАНДЫ**

6-бет

ТИРШІЛІК

**ЗИРАТТАР ТАРИХЫ
КЕШЕНДІ ЗЕРТТЕУДІ
ҚАЖЕТ ЕТЕДІ**

7-бет

АҒАРАПТАН

**САРЫАРҚАДАН
ЖЕТКЕН САМАЛ**

8-бет



ӨНДІРІСТІ ӨЛКЕНІҢ ӨМІР НӘРІ
Кеңгір су қоймасы туралы не білеміз?

Жезқазған қаласының тарихы туралы сөз қозғағанда, Кеңгір су айдынын айналып өту есте мүмкін емес. Су — өмір нәрі. Өнеркәсіпті шаһарға тіршілік кезін беріп отырған Кеңгір су қоймасының құдіреті күшті, қасиеті зор. Сондықтан, әуелгі айтарымызды қаламен бірге жасасып келе жатқан гидротехникалық кешенді су қоймасынан бастағанды жөн көрдік.

Мысты қаланың әрідегі тарихына көз жүгіртсек, Үлкен Жезқазған өндірісін ашуға байланысты көптеген қиындықтардың қолбайлау болғанын көреміз. Соның ішінде бұл жобаға қарсылық танытқандар екі үлкен айғақты алға тартқан еді. Оның бірі Жезқазғанның орталықтағы теміржол қатынастарынан шалғайда жатқаны болса, екіншісі жартылай шөлейт аймақта өндіріске қажетті судың тапшылығы болатын. «Мұнда кеннің көп қоры жоқ» дегендер де табылды. Соның салдарынан мыс комбинатын салуды ұйғарып отырған Жезқазғанды еліміздің индустрияландыру жоспарына енгізбеу қауіпі туындаған еді. Өндіріс кен қорын мұқият зерттеп, өзінің тұжырымдарын біліктілікпен дәлелдей білген

ұлы геолог Қаныш Сәтбаев су мәселесін де жан-жақты ойластырып, кеңінен зерттеген-тін. Ұлытау өңіріндегі Арғанаты тауынан бастау алатын Қаракеңгір, Сарыкеңгір өзендері Кеңгір атауымен Сарысу алабына дейін келетіні белгілі. Ұзындығы 295 шақырымдай өзеннің қысқа-қысқа сағалары да көп. Кеңгірдің Досмырза сағасынан үлкен бөгет салуға болатынын Қанекөң зерделеп, мамандарға есеп-қисабын жасатып қояды. Сөйтіп, су кезінің тапшылығын «көзір» қылып жүрген одақтық комитеттер басшыларының алдында қазақтың аймақдай ұлы Қаныш Имантайұлы өз ұсынысын дәлелдеп береді. Наушабай сайының аңғарында үлкен бөгет салу арқылы қыруар су жинай алатын ауқымды

гидротехникалық қойманың жобасы осылайша дүниеге келеді. Айтулы ғалымның «Социалистік Қазақстан» газетіндегі 1938 жылғы 9 қаңтардағы «Үлкен Жезқазған комбинаты» деген мақаласында да су қоймасын салу туралы жобасы тарқатылып айтылады. «Кеңгір өзенінен ұзындығы 750 метр, биіктігі 30 метр плотина, яғни бөгет салынады. Мұның өзі комбинаттың өндірістік жұмысына керекті сумен де, ішуге қажетті сумен де қамтамасыз етеді» деп жазған-тын Қанекөң. Кеңгір су қоймасының құрылысы 1940 жылы басталып, екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында тоқтап қалады. Сұрапыл соғыс жеңіспен аяқталған соң есін жиған кезде, 1946 жылы құрылыс жұмыстары қайтадан басталады. Атшартырым 37,3 шаршы шақырым аймақты алып жатқан су қоймасы мен алып гидрокұрылыс 1952 жылы аяқталды. Ал 1954 жылдың көктемінде оның арнасы кемеріне дейін суға толтырылған

күн де тарих шежіресінің бір парағына айналды. Кейіннен 1961-1965 жылдары бөгет жүйесі кеңейтіледі. Бүгінде Кеңгір қоймасы 319 млн текше метр су жинақтап, сыйғыза алады. Орташа тереңдігі – 8,5 метр. Кербез Кеңгір баяу толқынымен жағасын аймалап жатқанын көру қала тұрғындары үшін үлкен қуаныш. Дегенмен Ұлытау өңірінің өзендері қар, жерасты суларымен және атмосфералық жауын-шашынмен қоректеніп, толығынын ескерсек, құрғақшылық жылдары Кеңгір арнасының көзесі кеуіп қала жаздайтынын да жасыруға болмас. «Табиғат — бірде көл бірде шөл» демеңкі, мұндай тосын жағдайдың алдын алатын шаралар аса қажет. Кеңгір су қоймасы бұрын «Жезқазғантүстімет» АҚ құрамында болып келген еді. Үкіметтің 1996 жылғы 17 маусымдағы №740 қаулысымен Қазақстан Республикасы су ресурстары жөніндегі комитетінің қарамағына берілді.

►► 8-бетте



**АЙТУЛЫ ЖЫЛҒА –
АУҚЫМДЫ ЖОСПАР**

Жастар жылы мен Жезқазғанның 65 жылдығы салтанатты жағдайда бастау алды

Қай қоғамның болмасын басты қозғаушы күші, ел көшінің сенімді тірегі жастар екені даусыз. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың кезекті Жолдауында 2019 жылды жастарға арнау ұсынысы көптің қолдауына ие болғаны да сондықтан болар. Ел болашағын қолдай отырып, жас буынның жан-жақты дамуына үлес қосуды мақсат тұтқан Жастар жылы Жезқазған қаласында да салтанатты түрде бастау алды. Шаһардың мерейлі 65 жылдық тойымен тұспа-тұс келген айтулы оқиғаның басты көйпеккерлері – жезқазғандық жастар Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде өткен жиынға бірі қалмай қатысуға ниет танытты.

Аталған қос қуаныш аясында биыл мысты қалада бірқатар ауқымды жобалар іске асырылмақ. Жоспарланған 65 игі шараның қатарында, тұрғындарға жаңадан бой көтерген көп қабатты тұрғын үйден баслана кілтіп тапсыру, жаңа супермаркет дүкені мен диагностикалық-консультативтік орталық ашу, дене шынықтыру және сауықтыру кешенінің құрылысын бастау да бар. Жас таланттарды ашып, өнерлі жастардың басын қосатын «Ұлытау үні» фестивалі мен Жақсыкелді Сейілов өңдерін орындаушылардың республикалық конкурсын өткізу, сондай-ақ, күйшілердің «Ақсақ құлан» атты халықаралық деңгейдегі Кетбұқа би атындағы конкурсын ұйымдастыру жұмыстары қолға алынды. Сонымен қатар, Мемлекет басшысының жарлығымен бекітілген Жастар жылында медицина саласын таңдаған жеті жас маман баспаналы болмақ, екі жылдан бері күрделі жөндеуден өтіп жатқан «Жастар» саябағы, бес хоккей алаңы мен стрит воркауттар қала тұрғындарының игілігіне берілмек. Осы іспеттес жағымды жаңалықтар күесі болатынын естіген көпшіліктің кеудесіндегі қуанышты ҚР еңбек сіңірген әртісі Береке Көшенов «Жезді бойы жез қалам, жер түбінен жезді алам. Алтын қалам, кен далам» деп шырқаған «Жезқазған маршы» өнімен еселей түсті. Жиынның алғашқы сөзін алған қала басшысы Қайрат Бегімовтің де құттықтауы жүректерге жетті.

— Әлемге сары мысымен танылған Жезқазғанда бүгін қос бірдей шараның тұсауы кесілгені түр. Оның бірі – Жастар жылының бастауы болса, екіншісі – сүйікті қаламыздың 65 жылдық мерейтойы. 2019 жылдың басты оқиғалары бір-бірімен тығыз байланысты. Жезқазғанның дамуына, өркендеуіне баршамыз атсалыссақ, оның болашағы да жарқын болады. Біз жезқазғандықтар осы айтулы оқиғаларды жақсы жетістіктермен, әлеуметтік және экономикалық оң көрсеткіштермен қарсы аламыз, – деген Қайрат Баяндыұлы 2019 жыл халықтың көңілінен шығатын жақсылықтардың кезекі болуына тілектестік білдірді.

Кербез Кеңгірдің сулулығына сүйсініп, Жезқазғанның ауасын жұтып, топырағына аунап-қунап өскен бірнеше буын қазір Қазақстанның әр өңірінде еліміздің дамуына еңбегімен үлесін қосуда. Оларды бұдан бөлек туған жері Жезқазғанға деген сүйіспеншілігі де біріктіреді. «Жер жәннәті Жезқазғанда» дейтін ұл-қыздары қаланы мерейлі жасымен құттықтауға асықты. Жезқазғанның сахнасынан түлеген өнер тарландары ҚР мәдениет саласының үздігі Серік Оспанов, мәдениет қайраткері, күйші Жанғали Жүзбай, қобызшы Байғара Сәдуақасов, хореография маманы Тәуржан Рахат бейнеқұттықтауында өлкенің қарқын ала дамуына сенетіндерін айтып, естеліктерімен бөлісті.

Қала жастарының атынан сөз алған «Жастар Болашақ» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Сабыржан Тембаев жиналғандарды еліміздің, оның ішінде Жезқазғанның жарқын болашағы жолында аянбауға шақырды.

— Білекті сыбанатын, күш-қайратты тасытатын, еңсені тіктейтін кезек келді. Сондықтан, бізге аманат болған Ұлы дала елінің кіндігі саналатын Жезқазғанның дамуына бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара кірісуге баршаңызды үндей отырып, Жезқазғанның ертеңі бүгіннен де кемел болуы біздің қолымызда екенін ұмытпасаңыздар, – деді.

Салтанатты жиынның көркін Тайжан Қалмағамбетов атындағы филармония өңшілері мен қала өнерпаздарының орындауындағы патриоттық өндер кіргіссе, «Шашу» би ансамблі мен «СтарДэнс» тобының билері ажарландыра түсті. Кештен көтеріңкі көңіл-күймен тарқасқан көпшіліктің көкейінде ертеңіне деген сенім мен үміт артқандай болды.

Диана ОРАЗАЛИНА
Суретті түсірген Ғалия ӘБДИҚАПТАРОВА

ҚАЛА ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫНА ТАЛАП КҮШЕЙЕДІ

Жақында қалалық әкімдікте қала басшысы Қайрат Бегімовтің төрағалығымен өткен жиында қалаішілік жолаушылар тасымалының жайы сөз болды.

Бүгінде қалада барлығы 17 бағыт бойынша жолаушылар тасымалданады. Оның ішінде он бағыт қалаішілік, 3 бағыт саяжайларға, 4 бағыт қала маңы тасымалын жүзеге асырады. Бұл бағыттар бойынша барлығы 10 тасымалдаушы кәсіпорын қызмет көрсетеді. Олардың төртеуі жеке кәсіпкер болса, қалғаны – жауапкершілігі шектеулі серіктестік формасындағы тасымалдаушылар.

Жиында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар тасымалы және автокөлік жолдары бөлімі басшысы орынбасарының міндетін атқарушы Алмаз Жандарбековтің баяндамасы тыңдалды. Оның айтуынша, қаладағы барлық тасымалдаушылармен жеті жыл мерзімге

келісім-шарт жасалған. Қызмет сапасы жергілікті билік тарапынан бақылауда.

— Біз қарашада өткен жиыннан кейін арнайы рейдтер ұйымдастырып, тасымалдаушылардың қызмет сапасын тексердік. Тұрғындар тарапынан түсіп жатқан шағымдар да ескерілді. Негізгі шағымдар автобустардың кестеге сай жүрмеуі, автобус салондарының тазартылмауы, жүргізушілер мен бақылаушылардың мәдениетіне қатысты.

Көлік жүргізу мәдениеті де сын көтермейді. Мәселен, жолаушылар №3 және №8 бағыттағы автобустардың жолда жиі «жарысатынына» шағымданады. Өз міндеттеріне салғырт қарайтын тасымалдаушыларға қатаң талап қоямыз. №1

бағытта қызмет көрсетуші компаниямен қазір келісім-шарт бұзылып жатыр, – деді Алмаз Жандарбеков.

Баяндамашының айтуынша тасымалдаушылар жолаушыларға билет таратуды да қиынсынатын көрінеді. Қазіргі таңда №3, 8, 96 бағыттағы автобустарда ғана билет таратылатыны айтылды. Автобустар да тоза бастаған. Қазіргі таңда қаладағы автобустардың орташа «жасы» 8-10 жылды құрайды.

Тасымалдаушылармен өткен кездесуде қалалық жергілікті полиция қызметінің басшысы Аманжол Керімов те баяндама жасап, осы бағытта атқарылған жұмыстарға тоқталды. ►► 8-бетте

ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

**ҚАЛА ӘКІМІ ЕСЕП БЕРУ
КЕЗДЕСУЛЕРІНІҢ КЕСТЕСІ**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандағы «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» №190 Жарлығына сәйкес 2019 жылдың 6 ақпанында Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімінің тұрғындармен есеп беру кездесуі өтеді

№	Қаланың, селоның атауы	Әкімнің аты, жөні, тегі	Өткізілетін күні мен уақыты	Кездесу өтетін орны
1.	Жезқазған қаласы	Қайрат Баяндыұлы Бегімов – қала әкімі	6.02.2019 ж.	С. Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театры, Сәтбаев көшесі, 1, сағ. 15:00

Жезқазған қаласы әкімінің тұрғындар алдында есеп беру кездесулері кезеңінде халықтың ұсыныстарын, ескертулері мен пікірлерін жинау мақсатымен төмендегі мекенжайларда 2019 жылдың 6 қаңтарынан бастап жәшіктер қойылады:

1. Бейбітшілік даңғылы, 45, «Самади» дүкені, телефон: 73-67-42.
 2. Сәтбаев көшесі, 50, «Юникс» дүкені, телефон: 72-38-00, 72-13-67, 72-14-39
 3. 9-орам, Абай көшесі, 93, «Самади» дүкені, телефон: 76-85-03.
 4. 91-шағын ауданы, Марғұллан көшесі, 29а, «Самади» дүкені, телефон: 78-17-90.
- Жезқазған қаласы әкімінің кездесуі қарсаңында (2019 жылдың 6 қаңтарынан бастап жұмыс күндері дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін, 14.30-дан 18.30-ға дейін) «Жедел желі» жұмыс істейді. Талап-тілектеріңіз бойынша көрсетілген телефонға хабарласуға болады: 73-66-08.

Жезқазған қаласы әкімінің аппараты

**АУЫЛ ӘКІМДЕРІ ЕСЕП БЕРУ
КЕЗДЕСУЛЕРІНІҢ КЕСТЕСІ**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандағы «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» №190 Жарлығына сәйкес 2019 жылдың қаңтардың 23-і мен 30-ы аралығында Кеңгір, Талап, Малшыбай селолары әкімдерінің тұрғындармен есеп беру кездесулері өтеді

№	Қаланың, селоның атауы	Әкімнің аты, жөні, тегі	Өткізілетін күні мен уақыты	Кездесу өтетін орны
1.	Кеңгір селосы	Қанағат Байжанұлы Жанпейісов – село әкімі	23.01.2019ж.	Кеңгір селосының клубы, акт залы, сағат 11:00
2.	Талап селосы	Ғабид Елтіндіұлы Битенов – село әкімі	25.01.2019ж.	Талап селосы №14 орта мектебінің акт залы, сағат 11:00
3.	Малшыбай селосы	Қайрат Муратбекұлы Баланов – село әкімі	30.01.2019ж.	Малшыбай селосы, №15 негізгі мектебінің спорт залы, сағат 11:00

Кеңгір, Талап, Малшыбай селолары әкімдерінің тұрғындар алдында есеп беру кездесулері кезеңінде халықтың ұсыныстарын, ескертулері мен пікірлерін жинау мақсатымен төмендегі мекенжайларда 2018 жылдың 23 желтоқсанынан бастап жәшіктер қойылады:

1. Кеңгір селосы, Школьная көшесі, 2, №2 ОМ, телефон: 8-7102-92-24-21.
 2. Талап селосы, Молодежная көшесі, 21, №14 ОМ, телефон: 8-7102-92-14-68.
 3. Малшыбай селосы, №15 НМ, телефон: 8-7104-12-05-69.
- Кеңгір, Талап, Малшыбай селолары әкімдерінің кездесуі қарсаңында (2018 жылғы 23 желтоқсанынан бастап жұмыс күндері дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін, 14.30-дан 18.30-ға дейін) «Жедел желі» жұмыс істейді. Талап-тілектеріңіз бойынша көрсетілген телефонға хабарласуға болады: 73-66-08.

Жезқазған қаласы әкімінің аппараты

БАСПАСӨЗ – 2019

Құрметті оқырман!
Жезқазған аймақтық «Saryarqa» газетіне 2019 жылға жазылу науқаны жыл бойы жалғасатынын хабарлаймыз!

ГАЗЕТКЕ БІР ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН:

Редакциядан келіп алу – 3000 теңге;
Мекенжайға жеткізіп беру – 4000 теңге.

КӘСІПОРЫНДАР ҮШІН:

Редакциядан келіп алу – 6000 теңге;
Мекенжайға жеткізіп беру – 7000 теңге.

Газетке жазылу ақысы редакцияның есепшотына аударылуы керектігін естеріңізге саламыз! Қосымша мәліметтерді келесі телефон нөмірлеріне 8(7102)710055, 775025 хабарласу арқылы біле аласыздар.

Біздің мекенжай: Жезқазған қаласы, І.Есенберлин к-сі, 63/3 («Матадор» мейрамханасының жаны).

ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Кеңгір селосының әкімі Қанағат ЖАНПЕИСОВТІҢ 2018 жылы атқарған жұмыстары туралы есебі



Есеп беру кездесулерінің маңыздылығы, өткен жылдың атқарған жұмысын талдай отырып және алдымызда тұрған міндеттерді айқындай отырып, біз халықтың әлеуметтік әл-ауқатын арттырудың, экономиканың тұрақтылығын сақтаудың нақты жолдарын жан-жақты талқылауымыз керек.

Селолық округ әкімі аппаратының қызметі есеп беру кезеңінде Президент және Үкімет қойған міндеттерді орындауға, облыстық және қалалық бағдарламаларды жүзеге асыруға, өткен есептік кездесулерде айтылған азаматтардың ұсыныстары мен ескертудерін жүзеге асыруға бағытталды. Жалпы, есептік кезеңде округтің әлеуметтік-экономикалық дамуы оң үрдістерді сақтап қалды.

Жергілікті өзін-өзі басқару тетіктерін дамыту, экономикалық өркендеудің, әлеуметтік әл-ауқаттың және азаматтық қоғамды қалыптастырудың міндетті шарттарының бірі болып табылады.

Елбасы Н. Назарбаевтың Бес институционалды реформасын жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам – Ұлт жоспарының 98-ші қадамын жүзеге асыру мақсатында, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР №90-VI Заңы қабылданды. Осы Заңға сәйкес, 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап халқының саны екі мың адамнан асатын ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін бюджеттің IV деңгейі – аудандық маңызы бар қала, ауыл кент, ауылдық округ бюджеттері енгізілді. Кеңгір селолық округі, Жезқазған қаласының ауылдық елді-мекендерінің алғашқыларының бірі болып, осы бағытта жұмыс істей бастады.

Бюджет селолық округінің бюджеті 118 млн 799 мың теңгені

құрайды, оның ішінде 92 млн 312 мың теңгесі селоны дамытуға бағытталды. Қалалық бюджеттен бөлінген трансферттер 11 млн 530 теңге, мұнағалдық мүлікті жалға беруден түскен қаржы – 38 964 теңгені құрады.

1. «Селолық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерге» – 26 487 мың теңге қарастырылған.

2. Кеңгір селосының елді-мекендерінің көшелерін жарықтандыру бойынша қызметтерге – 32 млн 700 мың теңге. Оның ішінде: көшені жарықтандыру нысандарын ұстауға – 448 мың теңге, көшені жарықтандыруға төленетін шығындар – 2 386 000 теңге, Теректі елді мекеніне 94 дана жарықтандыру тіректерін орнатуға – 19 млн 898 мың теңге, Кеңгір селосына 58 дана жарықтандыру тіректерін орнатуға – 9 млн 968 мың теңге.

3. Елді-мекендерді абаттандыру және көгалдандыру бойынша – 6 млн 980 мың теңге.

4. Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге – 1 млн 440 мың теңге жұмсалды.

5. Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеуге – 48 млн 593 мың теңге. 6. «Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлердің экономикалық дамуына жәрдемдесу жөніндегі шараларды іске асыруға – 1 млн 808 мың теңге.

Ауыл шаруашылығы Кеңгір ауылының бағытын ауыл шаруашылығы айқындайды, оның даму деңгейі, әлеуметтік-экономикалық жағдайы тұрақты әлеуметтік ахуалдың басты индикаторы болып табылады. Бірінші кезекте, бұл егіншілік пен мал шаруашылығын дамыту.

Өткен 2018 жылмен салыстырағандағы мал басы

2018 жыл	Өзгеріс	2019 жыл
Ірі қара малдың саны		
3175	(+203)	3378
Ұсақ мал саны		
8407	(-572)	7835
Жылқы		
2093	(+327)	2420
Түйе		
24	(-6)	18
Шошқа		
23	(+6)	29
Құстар		
164	(+5)	169

Ауылдың агроөндірістік әлеуетін «Племплицторг» ЖШС, 78 шаруа қожалығы анықтайды, оның ішінде жұмыс істеп тұрғандары – 67, «Тәуекел» ӘКК ауыл шаруашылығы кооперативі, округ бойынша 720 үй шаруашылығы.

Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 29 қазандағы №372-V «Ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі туралы» Заңын іске асыру шеңберінде, ауыл әкімдігінің қолдауымен Жезқазған қаласының Әділет басқармасында «Тәуекел» ӘКК құрылды және тіркелді. Осы кооперативтің алты мүшесіне Қарағанды облысының ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорының көмегімен 27 млн теңге сомасында несие мақұлданды және берілді. Селекциялық-асылдандыру жұмыстарын жүргізуге, асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды күтіп-ұстауға 3 млн. 370 мың теңге субсидия бөлінді.

«Арғымай» шаруа қожалығы импорттық асыл тұқымды аналық ірі қара мал басын көбейту үшін 21 млн теңге (30 бас ІҚМ), «Ділдебаев» шаруа қожалығына 39 млн теңге (60 бас ІҚМ) несие берілді.

Ауылда жұмыс істейтін ірі ұйым – «Племплицторг» ЖШС 2018 жылы шығарған өнім көлемі 1,5 млн балапанды құрайды. Жошпарлы қуаты 8,5 инкубациялық жұмырқа. Өндірісте барлығы 46 адам жұмыспен қамтылған.

Округ бойынша статистикалық көрсеткіштер

Халық саны: Кеңгір с/о – 3350 адам Кеңгір селосы – 2653 адам оның ішінде, экономикалық бөлсенді халық – 1520 адам әйелдер – 1695 адам әрлер – 1655 адам зейнеткерлер – 347 адам әр түрлі жәрдемақы алушылар – 74 адам әскери міндеттілер саны – 427 адам әскерге шақырылушылардың саны – 221 адам.

3 қараша күні «Ауыл берекесі – 2018» ауыл шаруашылық жәрмеңкесін өткізу кестесі негізінде ауыл шаруашылық жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Жәрмеңкеде осы шаруашылықтардың өнімдері төмен бағамен ұсынылды.

Саланы цифрландыру ауыл шаруашылығына да қатысты, өйткені Қазақстанның экономикалық тұрақтылығын нығайту үшін кең ауқымды ауыл шаруашылығы алқалтары мен түрлі климаттық жағдайлар болып табылады. Цифрландыру мемлекеттік статистикалық есеп пен бақылаулардың дұрыстығын арттыруға, жоғары технологияларды енгізуді ынталандыруға, мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін олардың айқындылығы

мен фермерлер үшін қол жетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Ауылдық округтің инженерлік инфрақұрылымын дамыту

Сумен жабдықтау Кеңгір ауылында коммуналдық қызмет көрсетумен «Жезқазған қаласының қалалық автомобиль жолдарын басқармасы» КМК қалалық кәсіпорнының ұчаскесі айналысады.

Су құбыры желілерінің апатты ұчаскелерін ауыстыруға село әкімдігі сметалық құжаттама әзірледі. Биылғы жылы төмендегі жұмыстар жүргізілді:

1. Тазарту құрылысынан бас магистральға дейінгі ұзындығы 97 метр Ø200 су құбырын ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жоғары қысымды сорғы сатып алынып, орнатылды.

2. Бас магистральға ұзындығы 1350 м шаруашылық-ауыз су құбырын төсеу жұмыстары жүргізіліп, бірақ, жоғары қысымды сорғы орнатылмаған.

3. Жалпы сомасы 33 млн теңгеге кәріз жүйелеріне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді, атап айтқанда, диаметрі 200 мм полиэтилен құбырларынан жасалған құбырлар төселді. Бұл жұмыстар 2019 жылы да жалғасады.

Жарықтандыру Биыл Кеңгір селосында 58 жаңа жарық бағандары орнатылды. «Tau city-77» ЖШС – 9 млн 968 мың теңге сомасы осы жұмыстарды жүргізді.

Теректі стансасында «INNOVATION TEX» ЖШС 19 млн 897 мың 920 теңгеге 94 жарықдиодты шамдар орнатты.

Жолдар «Өңірлерді дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша Кеңгір ауылының ішкі жолдарына шұңқырларды жөндеу жұмыстары жүргізілді. Аталған жұмыс түрін «Фосстис» ЖШС 1 млн 807 мың 143 теңге көлемінде орындады.

Сондай-ақ, биылғы жылы Кеңгір ауылындағы «Рокада-А» ЖШС-мен 48 млн 61 мың 170 теңге 08 тиын сомасына, Сейфуллин көшесінен Сәтбаев көшесіне дейінгі қысқа жолды, Молодежная және Ұлытау көшелерін орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Санитарлық тазалау, көгалдандыру, абаттандыру Көктемгі екі айлықтың және күзгі айлықтың барысында 3 облыстық және 6 қалалық сөнбілік өткізілді. Бұл шараларға әкімдік қызметкерлері, мектеп мұғалімдері мен оқушылары, жұмыссыздар ретінде тіркелген қоғамдық жұмыскерлер, ұйым қызметкерлері мен село тұрғындары белсенді қатысты. Селода қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және тасымалдау қызметін ұйымдастыруды, бекітілген кесте

бойынша «Сәт тазалық» ЖШС жүзеге асырады.

Кеңгір селосы Сейфуллин көшесіндегі саябақты абаттандыру мақсатында, орындықтар орнатылып, 60 көшет отырғызылды, оларды суару ұйымдастырылды. Келесі жылы саябақ аумағында 250 ағаш отырғызу жоспарлануда.

Су тасқынына қарсы іс-шаралар

Елді-мекендерді су тасқынынан қорғау мақсатында, Теректі, Түйемайқақ стансаларында су тасқынына қарсы құрылыстарды жасау бойынша жұмыстар жүргізілді. Аталған жұмыстарды «Блеуғі Строй» жеке кәсіпкер – 5 млн 357 мың 142 теңге сомасына жүргізді.

Білім

Кеңгір ауылдық округінің білім беру саласы 1-ші жалпы орта білім беру, 1 - негізгі және 1-бастауыш мектептерден тұрады. Кеңгір ЖОББМ-де оқушылар саны – 414, Теректі негізгі мектебінде – 63, Қорғанбай ауылы бастауыш мектебінде – 5.

Кеңгір ауылындағы мектепке дейінгі балалардың жалпы саны 300 баланы құрайды, оның ішінде: 2 жастан 3 жасқа дейінгі 20 бала «Айгелек» шағын орталығына, 3 жастан жоғары 20 бала «Балапан» шағын орталығына барады. Мектепалды даярлық сыныптарында 36 бала білім алады.

2018 жылы Кеңгір ауылының №2 ЖОББМ аумағында жалпы сомасы 8039,2 мың теңгеге көпфункционалды хоккей қорты орнатылды. Жұмыстарды «Алтын Номад 2030» ЖШС жүргізді.

Селода «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша жас мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында, жас мамандар қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Нұржан Жүгінісовке, шағын орталық тәрбиешісі Аралым Иссаеваға, Кеңгір селосында тұрғын үй алу үшін төмен пайыздық несие берілді.

Мәдениет Ауылда клуб жұмыс істейді. Балалар үшін үйірмелер ұйымдастырылған. Мектеп оқушыларымен бірге әр түрлі іс-шаралар өткізіледі. Биылғы жылы ауыл тұрғындары үшін Наурыз мейрамы ұйымдастырылды. Ауыл тұрғындары мен қоғамдастыр үшін киіз үй тігіліп, мерекелік дастархан жайылды.

Қарттар күніне 8 дана азық-түлік пакеті дайындалды. «Ұлытау» мейрамханасына 8 тыл ардагері мерекелік дастарханға шақырылды. Село кітапханасында 20 қарт тұрғынға дастархан жайылды.

2017 жылдан бастап ауылда «Өркен-Сәуле» қоғамдық бірлестігі жұмыс істейді. Бірлестік үкіметтік

емес ұйымдар арасында өткізілетін қалалық түрлі іс-шараларға белсене қатысады. Құрамында 20-дан астам мүшесі (ауыл тұрғындары, жастар) бар. Негізгі бағыты – «дәстүрлерді дамыту», «өнерді дамыту».

Өткен жылы мәдени мұраны сақтауға бағытталған бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды. Осындай іс-шараның бірі – «Ата-бабам, салт-дәстүрім» фестивалі болды. Бұл фестиваль үш бағыт бойынша өтті. Байқаулардың бірі – «Бауырсақ-шоуга» осы бірлестік қалалық форумға да қатысты. «Өркен-Сәуле» ҚБ үкіметтік емес ұйымдар арасындағы байқауға қатысып, 50 мың теңгенің сертификатын жеңіп алды.

Қарағанды облысы Бұхар жырау ауданында, «Бұхар ғыраудың 350 жылдығына» орай үш ауылдық округ «Бауырсақ-шоу» байқауына белсенді қатысты.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 6 арнайы жоба жұмыс істейді: «Туған жер», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Қазіргі әлемдегі қазақстандық мәдениет», «100 жаңа оқулық», «Қазақ тілін латын графикасына көшіру», «Қазақстанның 100 жаңа тұлғалары», «Бұл жобалардың барлығы маңызды және терең мағынаға ие. Өз кезегінде «Рухани жаңғыру» бүкіл елдің сапалы қайта құруына негіз болатын идеялық платформа болып табылады.»

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Нұр Отан» партиясының қолдауымен «Жас отбасы – 2018» байқауы ұйымдастырылды. Байқау жеті номинация бойынша өтті. Номинациялар бойынша «Үлгілі отбасы» – Есетовтар отбасы, «Өнерлі отбасы» – Нұрмағанбетовтер отбасы танылды.

Жезқазған-Ұлытау өңірі, Кеңгір селосының тұрғындары үшін «Ұлы Дала» гипермаркетінің ашылу салтанаты өтті. Бұл гипермаркеттің ашылу мақсаты – Жезқазған өңірі үшін азық-түлік белдеуін құру. Бұл жоба Мемлекет Басшысы қойған бірнеше міндеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік берді және бұл селоны қолдау және жергілікті тауар өндірушілерді ынталандыру. Тұрақты негізде ауыл тұрғындарының ішінен 43 адам жұмысқа орналастырылды.

Айтылғанды қорытындылай келе, жауапкершілік сезімі – кемшіліктерді түзету, белгіленген нұсқауларды уақытында орындау деп айтқым келеді.

Әкімге қандай үлкен жауапкершілік жүктелгенін біле отырып, мен үшін – халықтың әл-ауқатын жақсарту, адамдармен бірлікте болу, олардың мұқтажықтарын түсіну, уақытылы көмек көрсету-құрмет.

Талап селосының әкімі Ғабид БИТЕНОВТІҢ 2018 жылы атқарған жұмыстары туралы есебі



Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауы маңызды стратегиялық бағдарламалары мен ауқымды жобаларының барлығы да ел болашағы үшін жасалып, экономикамызды өркендетуге бағытталған. Жыл сайынғы Жолдауынан туындаған мәселелер ауыл өкіміне қойылған міндеттер халық мұқтаждарын орындауға бағытталған.

Елбасымыздың Жолдауында аталып өтілген мақсаттар мен міндеттерді орындауда ауылмызда атқарылатын жұмыстарға тоқтала кетсек, Талап ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы атқарған жұмыстары мен алдағы күнде атқарылуға тиісті мәселелер туралы сіздерге баяндап бермекпін.

Округ бойынша статистикалық көрсеткіштері

Тұрғындар саны: Талап селолық округінде 632 адам, оның ішінде экономикалық бөлсенді халық саны – 237 адам, зейнеткерлер –84 адам, көп балалы жәрдемақы алушылар – 13 адам, жаңа форматтағы аталы әлеуметтік көмек алатындар саны – 2 отбасы

Жергілікті өзін-өзі басқару қызметтерін жүзеге асыруға бағытталған қаржының түсуі мен жұмсалыу жоспары талқыланады. Жұмсалатын қаражатты қадағалау үшін 5 адамнан тұратын мониторингтік комиссия құрылған. Түскен қаржы жергілікті елді мекендер көшелерін жарықтандыру бағдарламасы бойынша және санитарлық тазалау жұмыстарына жұмсалды.

Денсаулық сақтау Медицина саласы бойынша округте қазіргі таңда фельдшерлік акушерлік пункт қызмет атқарып отыр. Қалалық емханадан бекітіліп берілген жұмыс кестесі бойынша жұмыс атқаратын 1 медб.бі бар. Сонымен қатар есепте тұрған адамдар текті дәрімен қамтамасыз

өтілген. 2018 жылы фельдшерлік бөлімшеге тіркелгендер – 677 адам, бөлімшеге келіп емделгендер саны – 503 адам, үйге шақыртулар – 197 адам, скрининг бойынша тексеруден өткендер – 105 адам

Округ бойынша ауыл халқы 100 пайыз флюорографиялық тексерістен өтті. Бүгінгі күні ауылдың біршама тұрғындары «Даму Мед» интернет желісі арқылы қалалық емханаға дәрігерлердің қолбалауына тіркеліп, тиісті ем-домдарын алуда.

Елді-мекендіабаттандыру, санитарлық тазалау, сәулеттендіру және көгалдандыру бойынша біршама жұмыстар ойдағыдай атқарылды.

Автомобиль жолдарында көлік қызметтерін қамтамасыз етуге, яғни елді мекендердің ауыл көшелерінің қарын тазалау жұмыстарына 2018 жыл бойынша төндер ойнатылып жеңімпаздармен келісім шарт жасалып тазалау жұмыстары толығымен орындалды.

Көктемгі ұшайлық санитарлық тазалыққа байланысты ауыл іші толық күл-қоқыстан тазартылды. Қысқы уақытта боран кездерінде ауыл іші , тас-жолдар, қоралардың арасы тұрақты түрде қардан тазаланып отырылады. Селодағы аялдамаларға өктеу, сырлау жұмыстары уақытылы жүргізіледі.

Көктемгі су тасқынына байланысты жұмыстар тұрақты түрде ұйымдастырылады. Өрт сөндіруге байланысты 3 өрікті өрт сөндірушілер тобы құрылған.

Білім Селодағы №14 ЖОББ мектебінде 95 бала дәріс алады. Әлеуметтік жағдайы аз қамтылған отбасыларынан 63 оқушы ыстық тамақпен қамтылған.

«Балапан» бағдарламасы шеңберінде балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеумен және оқытумен қамтамасыз ету мақсатында Талап ауылының № 14 мектебінің жанындағы шағын орталығында 25 орынға балабақша ашылған. Бүгінгі күні халықтың балабақшаға сұранысы толық қанағаттандырылды.

оқушыларына арналған заманауи үлгідегі жаттықтыру алаңы (Стрит Воркаут) салынып, тамыз айында байдалануға берілді.

2018 жылғы бекітілген іс-шаралар жоспары бойынша ауыл тұрғындарының және мектеп оқушылары мен мектеп ұжымының қатысуымен бірнеше іс-шаралар өткізілді, сөнбілік, таза бейсенбіліктер т.б.

Жасөспірімдердің бос уақыттарына тиімді өткізу мақсатында бокс, волейбол, баскетбол, шашки, шахмат, т.б спорт секциялары, шебер қолдар қазақтың ою-өрнектері, «Әсем-ай» ән-би үйірмелері және өртке қарсы жасөспірімдерден құралған үйірмелер жұмыс істейді. Оларға қатысатын оқушылар өртүрлі деңгейдегі қалалық, облыстық, халықаралық дәрежедегі конкурс, сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болып, грамоталармен марапатталып, медальдар тағынып, кубоктарды жеңіп алуда.

Ауылдағы үчаскелік полиция қызметін өз деңгейінде атқарады. Ауыл тұрғындарымен және жасөспірімдер арасында жоспарлы тәртіптік профилактикалық түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Кешілік кезекшіліктер және мал ұрлығын болдырмау мақсатында патрульдік рейдтер жүргізіліп отырылады.

Мәдениет

Бүгінгі күні ауыл тұрғындарына С.Сейфуллин атындағы кітапхана бөлімшесі қызмет көрсетеді, ондағы кітап қорының саны 7238 дана болса, кітапханаға келуші оқырмандар саны да артауда.

Ауылда әр мереке сайын түрлі мәдени іс-шаралар ұйымдастырылып тұрады: 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні, 22 Наурыз «Ұлыстың Ұлы күні» мерекелерін ауыл тұрғындарының қатысуымен концерттік, мерекелік дастархан ойнату-сауық кештері ұйымдастырылып, аз қамтылған отбасыларына дастархан жайылды.

9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні қарсаңында «Ешкім де, ешқашан ұмытпаймайды» атты ескерткіш тақтаға гүл шоқтары қойылып, мерекелік концерт ұйымдастырылды.

2018 жылы клуб ғимаратының жөндеу жұмыстарына 9,8 млн теңге қаржы бөлініп, толық күрделі жөндеуден өтіп, халық игілігіне тұтынуға берілді және бүгінгі күні қалалық мәдениет бөлімінің қаржысынан клубқа музыкалық дыбыс шығаратын құрылғылар, балалардың үйірме жұмыстарына 12 дана домбыра сатып алынды. Жезқазған қалалық мешихатында депутат, жеке кәсіпкер, білім меценаты Бекаст Қомарұлы Алтынбеков 5 домбыра сыйға тартты. Бүгінгі күні үйірмеге қатысатын ауыл балалары аспаптармен толық қамтамасыз етілді. Келешекте клуб

ғимаратына жиһаздар алыну жоспарлануда.

2018 жылдың 1 маусымы «Балаларды қорғау» күні ауылмыздағы мәдениет ошағының салтанатты түрде ашылуына сәйкес келді. Мерекеге арналған іс-шараны мәдениет үйінің жетекшісі ұйымдастырып, ауыл тұрғындарына мектеп оқушылары тарапынан концерттік бағдарламалар көрсетіліп ауыл әкімшілігі тарапынан балаларға 100 дана тегін балмұздақ үлестірілді.

Діни ахуалға байланысты тұрғындар арасында жағдай қалыпты. Бүгінгі күні ауылдағы мешітке (намазханаға) күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Мешіттің ашылу салтанаты 2018 жылдың 15 маусымында ораза айт мерекесінің алғашқы күнімен тұспа-тұс келді.

1 қазан Қарттар күніне «Қарттарын қадірлеген ел ардақты», – атты мерекелік концерт қойылып, соңынан қарттарға мерекелік дастархан жайылып, құрмет көрсетілді. Бұл қарттарға деген құрмет дәстүрге айналып, бүгінгі күні шаруа қожалық иелері осы бастамамен қолдап, жыл сайын қарттарға құрмет көрсетуге ниет білдіріп отыр.

1 желтоқсан Тұңғыш Президент күніне орай мерекелік бағдарлама шеңберінде жастармен кездесу өтті.

16 желтоқсан «Тәуелсіздік тұғыры менің» атты салтанатты жиын өткізілді. Тәуелсіздік күніне арналған жиында жастар өздерінің рухани және патриоттық тәрбиеде өз ойларынан шыққан жүрек жарды жырларын оқыды.

Биылғы жылғы әкімшіліктің ұйымдастыруымен өткізілген шырша да мектебіміздегі – 15 аз қамтылған отбасы балаларына сыйлықтар берілді.

Ауыл тұрғындарының қатысуымен 31 желтоқсанда ауыл клубында «Көгілдір оттар кеші» өткізіліп, соңынан жастарға арналып би кеші қойылды.

Соңғы жылдары шешімін таппай жүрген Жезқазған-Талап арасындағы 18 шақырым ауыз су құбырын ауыстыру мәселесі болатын. Халық үшін сапалы ауыз суға қолжетімділіктің маңызы ете зор. Биылғы жылы облыстық бюджеттен ауыз су құбырын ауыстыруға 223 290 914 теңге қаржы бөлініп, құбырды ауыстыру жұмыстары мамыр айында басталды

ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

2019-2021 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ БЮДЖЕТІ ТУРАЛЫ

№ 30/274

2018 жылғы 24 желтоқсан

(Соңы. Басы өткен нөмірде)

Әкімшілік-территориалдық топ	Әкімшілік-территориалдық топ	Әкімшілік-территориалдық топ	Әкімшілік-территориалдық топ	Атауы	Сомасы, мың теңге
1	2	3	4	5	6
				II. Шығындар	9267450
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	575858
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	399656
		112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	33089
		001		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	33089
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	304242
		001		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	304242
		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, көнт, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	62325
		001		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, көнт, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	62325
	2			Қаржылық қызмет	4300
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	4300
		003		Салық салу мақсатында мүлкті бағалауды жүргізу	4300
	9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	171874
		454		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	46424
		001		Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	46424
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	45404
		001		Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	45404
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	80074
		001		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық мекеніні басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	80074
02				Қорғаныс	16803
	1			Әскери мұқтаждар	15253
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	15253
		005		Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	15253
	2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	1550
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	1550
		006		Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	661
		007		Аудандық (қалалық) ауқымындағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өрте қарсы қызмет органдары құрылмаған өлді-мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	889
03				Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	94000
	9			Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	94000
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	94000
		021		Елді-мекендерде жол қоғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	94000
04				Білім беру	5180153
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	956120
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	956120
		040		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	956120
	2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	3219762
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	3219762
		003		Жалпы білім беру	3023358
		006		Балаларға қосымша білім беру	196404
	9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	1004271
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1004271
		001		Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	56064
		005		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік көшендерді сатып алу және жеткізу	148536
		015		Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-балауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлеуі	42017
		022		Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	980
		029		Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	18108
		067		Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	738566
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	604446
	1			Әлеуметтік қамсыздандыру	29207
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	8000
		005		Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	8000
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	21207
		030		Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	21207
	2			Әлеуметтік көмек	489622
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	458278
		002		Жұмыспен қамту бағдарламасы	77987
		004		Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	3640
		006		Тұрғын үйге көмек көрсету	500
		007		Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	95373
		010		Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	1684
		013		Белгіленген тұрғылықты жері жоқ тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу	45804
		014		Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	117684
		017		Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну	85579
		023		Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	30027
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	31344
		008		Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқытындар мен тәрбиеленушілерді қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жөнділкен жол жүру түрінде әлеуметтік қолдау	31344
9				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	85617
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	85617
		001		Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	62373
		011		Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	644
		050		Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру саласын жақсарту	22600
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	923494
	1			Тұрғын үй шаруашылығы	14694
		479		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй инспекциясы бөлімі	14694
		001		Жергілікті деңгейде тұрғын үй қоры саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14694
	2			Коммуналдық шаруашылық	27000
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	27000
		012		Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	27000
	3			Елді-мекендерді көркейту	881800
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	881800
		015		Елді-мекендердегі көшелерді жарықтандыру	116000
		016		Елді-мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	25000
		017		Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	5800
		018		Елді-мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	735000
08				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	539236
	1			Мәдениет саласындағы қызмет	93403
		455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	93403
		003		Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	93403
	2			Спорт	132131
		465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	132131
Жезқазған қалалық мәслихатының депутаты Бақытжан Көпбаев төрағалық еткен сессия жұмысына қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова, мәслихат хатшысы Советбек Медебаев, мемлекеттік мекеме басшылары мен БАҚ өкілдері қатысты. Сессияның күнтізбесі мен хатшылығын бекіткеннен кейін отырыста бірнеше маңызды мәселелер талқыланды.

2014 жылы қалалық мәслихаттың шешімімен құрылған сайлау комиссиясының жұмыс атқару мерзімі биыл сәуір айында аяқталады. Соған сәйкес сессия отырысының басты мақсаты қалалық аумақтық және учаскелік сайлау комиссиясының жаңа құрамының бекіту болды. Жаңа құрамды сайлау үшін алдын ала дайындық жұмыстары жүргізілген. Оны қалалық мәслихат хатшылығының тапсырмасымен құрылған уақытша комиссия тобы жүргізді. Дайындық барысы жайында комиссия төрағасы, қалалық мәслихат депутаты Станислав Филиппович баяндап берді.

Комиссия төрағасының мәліметіне сәйкес комиссия құрамын жаңадан сайлау



жайында хабар жергілікті газет беттерінде жарияланды. Онда тұрғындардан, партия және қоғамдық бірлестіктерден ұсыныс қабылданатыны жайында айтылған. Күнтізбелік жоспарға сәйкес, бес партия, алты қоғамдық бірлесіктен және тұрғындардан 2018 жылдың 30 қараша мен 20 желтоқсаны аралығында өтініштер қабылданды. Осылайша уақытша бір қалалық аумақтық сайлау комиссиясы және 33 учаскелік сайлау комиссиясы құрылды. Станислав Филиппович кезектен тыс XXXII сессия отырысында жалпы саны 278 болатын қалалық аумақтық және учаскелік сайлау комиссия мүшелерінің кандидатурасын ұсынды. Үміткерлер

жіті тексерістен өткізілген және көбісі қоғамдық жұмыстарда белсенділік танытып жүрген азаматтар.

Қалалық мәслихат депутаты уақытша комиссияның ұсынысын қарап шыққаннан кейін комиссияның жаңа құрамына бірауыздан дауыс берді.

Жиында VI шақырылған қалалық мәслихаттың кезектен тыс XXXIII сессияның редакциялық комиссиясын және төрағасын сайлады. Сессияға қатысқан депутаттардың дауыс беруі арқылы Хансейіт Бөлен мәслихаттың келесі сессиясына төрағалық ететін болды.

Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА Суретті түсірген Фалия ӘБДИҒАППАРОВА

ОЙ ТАСТАУ

ЕСТІ ЕСТЕЛІК

– екiнiң бiрiне бұйырмаған еңбек

Мемуар, естелік қалдыру — ертеден бар үрдіс. Әдетте, кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге ұсынып, тәрбиелік мақсатта жазылады. Екіншісіне бұйыра бермейтін осы бекзат жанр кейінгі кезде «ессіз есепайырысу» құралына айнала бастағандай.

Бұдан біраз бұрын бір беделді тұлға туралы кітап жазуға тапсырыс түсті. Жаздым. Қолжазбаны кейіпкердің қолына ұстаттым. Араға апта салып көздестік. Аяқ-қолымды жерге тигізбей, тіліп жеткенше мақтады. Сосын өткен өміріме тағы шолу жасап, бірнеше адам туралы едәуір жағымсыз өңгіме айтты. Қолжазбаны қайтарып берді.

«Е, көлемі көңілінен шықпаған екен» деп, бір баспа табақ қостым. Бірер күннен кейін кездескенде: «Мынаның ішінде өткенде мен айтқаным бірі де жоқ қой? Басқасы бармай-ақ қойсын, бірақ, анау екеуін міндетті түрде боса керек» деп қарап отыр. Келіспедім. «Онда басқа адамға жаздырамын». «Ерік өзіңізде» дедім.

Қарсы алдында отырған, «қалып қазақты» демей-ақ қойып, құрығанда қасындағы бір қауымның қамын жейді деп жүрген қариям бір сәтте қазан көтерген үйдің түтінін андитын көп шалдың біріне айналып бара жатты...

Қатты қадірлейтін бір ағам биыл: «Кітаптың қолжазбасын қарап бер. Өзің алғысөзін жазып, өзің редакторы бол» деп, Балқаштағы маған базына жасағасың, кезекті еңбек демалысым-

ды соған арнадым. Жезқазған жаққа барып жолыққанда, кітаптың қолжазбасынан бұрын «Мынау олай-бұлай жүріп тұруыңа» деп, алдыма бір ұяс ақша қойды.

Қолжазбаны қарап шықтым. Қып-қызыл қақтығыс! Жекебас араздығы рулық деңгейге жеткен. Кейіпкер біткеннің руы есімінің алдына шығарылған. Жер-су атын жазғанда, тиесілі руы жақшаға алынған. Қысқасы, өзімше жобаға келтірдім де, жаңа нұсқасын электронды пошта-сына салып жібердім.

Таяуда телефон шалды. Өзгеріске үзілді-кесілді келіспейді екен.

«Аға, айыпқа бұйырмаңыз! Онда кітабыңыздың шығуына бас-көз болатын басқа біреу ізденіңіз» дегуе тура келді. «Шындықты қолдайды деп, саған сеніп едім» деді. Иә, Шындық — біреу, бірақ, соны еркім ерқалай қабылдайтыны — өкінішті!

Жақында Жезқазған жағынан тағы «жаңалық» жетті. Енді бизнестен көкем қолына қалам алыпты. Тек ел арасында араздық пен алауыздық ту-дырмайтын есті естелік болса екен!

Әлібек ӘБДІРАШ

ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ ХАБАРЛАЙДЫ

ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ЖАҢА ҚҰРАМЫН ҚҰРУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЫ

Table listing election results for various districts in Jekzqazgan, including names of candidates and their respective parties.

21.01.2019

QAZAQSTAN
06:05 «Senbilik tań», 07:00 «TANSHOLPAN», 10:00 «HIT QAZAQSTAN», 10:50 «СИҚЫРЛЫ ӨТКЕНШЕК», 11:05 «Арта», 12:10 «Күй-ғұмыр», 13:00 AQPAPAT, 13:15 «Ұлт мақтанышы», 13:40 «Ізделім сені», 14:25 «Әйел тағдыры», 15:20 «Айман-Шолпан», 17:00 AQPAPAT, 17:15 ELDEN HABAR, 17:30 «МЕНІН QAZAQSTANҒЫМ», 18:05 «Balanyı koñılı...», 18:20 «ARNAIY JOBA», 18:45 «TYTIF», 19:15 «ІЗДЕДІМ СЕНІ», 20:00 AQPAPAT, 20:55 «QAREKET», 21:50 «ШЫРАҒЫМ», 22:45 «ӘЙЕЛ ТАҒДЫРЫ», 23:40 «Tungi studio», 00:15 AQPAPAT, 01:05 ELDEN HABAR, 01:15 «Қалампыр», 01:55 «Достар», 02:20 «Ұлт мақтанышы».

ХАБАР
06:02 «Әсем әуені», 07:00 «Расти-механик», 07:30 «Таңғы хабар», 08:00 Жаңалықтар, 08:10 «Таңғы хабар», 09:00 Новости, 09:10 «Таңғы хабар», 10:00 «Махаббатты жүрегіме», 10:45 «Журналистік зерттеу», 11:00 «Спасатели», 11:30 «ZERDE», 12:40 Жаңалықтар, 12:10 «Алтын бесік», 12:40 «Қайсар жандар», 13:00 Новости, 13:10 «Условия контракта», 15:00 «Давайте говорить!».

22.01.2019

QAZAQSTAN
0 6:05 Концерт, 07:00 «TANSHOLPAN», 10:00 «HIT QAZAQSTAN», 10:50 «СИҚЫРЛЫ ӨТКЕНШЕК», 11:25 «Оуызқ екеп...», 12:10 «Шырағым», 13:00 AQPAPAT, 13:15 «Ұлт мақтанышы», 13:40 «Ізделім сені», 14:25 «Әйел тағдыры», 15:20 «Айман-Шолпан», 17:00 AQPAPAT, 17:15 ELDEN HABAR, 17:30 «Jan jylıy», 17:50 «Ouzyq ekep...», 18:35 «Köñil tolyquy», 19:15 «ІЗДЕДІМ СЕНІ», 20:00 AQPAPAT, 20:55 «QAREKET», 21:50 «ШЫРАҒЫМ», 23:40 «Tungi studio», 00:15 AQPAPAT, 01:05 ELDEN HABAR, 01:15 «Қалампыр», 01:55 «Достар», 02:20 «Ұлт мақтанышы».

ХАБАР
06:02 «Әсем әуені», 07:00 «Расти-механик», 07:30 «Таңғы хабар», 08:00 Жаңалықтар, 08:10 «Таңғы хабар», 09:00 Новости, 09:10 «Таңғы хабар», 10:00 «Тракторшының махаббаты», 10:45 «Большая маленькая ложь», 12:00 Жаңалықтар, 12:10 «Сана», 12:40 «Қайсар жандар», 13:00 Новости, 13:10 «Условия контракта», 15:00 «Давайте говорить!», 16:00 «Зәурер», 17:30 «Менің тағдырым».

23.01.2019

QAZAQSTAN
06:05 Концерт, 07:00 «TANSHOLPAN», 10:00 «HIT QAZAQSTAN», 10:50 «СИҚЫРЛЫ ӨТКЕНШЕК», 11:25 «Оуызқ екеп...», 12:10 «Шырағым», 13:00 AQPAPAT, 13:15 «Ұлт мақтанышы», 13:40 «Ізделім сені», 14:25 «Әйел тағдыры», 15:20 «Айман-Шолпан», 17:15 ELDEN HABAR, 17:30 «Aqsauy», 17:50 «Ouzyq ekep...», 18:35 «Köñil tolyquy», 19:15 «ІЗДЕДІМ СЕНІ», 20:00 AQPAPAT, 20:55 «QAREKET», 21:50 «ШЫРАҒЫМ», 22:45 «ӘЙЕЛ ТАҒДЫРЫ», 23:40 «Tungi studio», 00:15 AQPAPAT, 01:05 ELDEN HABAR, 01:15 «Қалампыр», 01:50 «Достар», 02:15 «Ұлт мақтанышы».

ХАБАР
06:02 «Әсем әуені», 07:00 «Расти-механик», 07:30 «Таңғы хабар», 08:00 Жаңалықтар, 08:10 «Таңғы хабар», 09:00 Новости, 09:10 «Таңғы хабар», 10:00 «Тракторшының махаббаты», 10:45 «Большая маленькая ложь», 12:00 Жаңалықтар, 12:10 «Важно знать», 12:35 «Қайсар жандар», 13:00 Новости, 13:10 «Условия контракта», 15:00 «Давайте говорить!», 16:00 «Зәурер», 17:30 «Менің тағдырым», 18:00 «Народный контроль».

24.01.2019

QAZAQSTAN
0 6:05 Концерт, 07:00 «TANSHOLPAN», 10:00 «HIT QAZAQSTAN», 10:50 «СИҚЫРЛЫ ӨТКЕНШЕК», 11:25 «Оуызқ екеп...», 12:10 «Шырағым», 13:00 AQPAPAT, 13:15 «Ұлт мақтанышы», 13:40 «Ізделім сені», 14:25 «Әйел тағдыры», 15:20 «Айман-Шолпан», 17:00 AQPAPAT, 17:20 «Köñil tolyquy», 18:00 «Ouzyq ekep...», 18:45 «Köñil tolyquy», 19:15 «ІЗДЕДІМ СЕНІ», 20:00 AQPAPAT, 20:55 «QAREKET», 21:50 «ШЫРАҒЫМ», 22:45 «ӘЙЕЛ ТАҒДЫРЫ», 23:40 «Tungi studio», 00:15 AQPAPAT, 01:05 ELDEN HABAR, 01:15 «Қалампыр», 01:55 «Достар», 02:20 «Ұлт мақтанышы».

ХАБАР
0 6:02 «Әсем әуені», 07:00 «Расти-механик», 07:30 «Таңғы хабар», 08:00 Жаңалықтар, 08:10 «Таңғы хабар», 09:00 Новости, 09:10 «Таңғы хабар», 10:00 «Тракторшының махаббаты», 10:45 «Большая маленькая ложь», 12:00 Жаңалықтар, 12:10 «Білу маңызды», 12:40 «Қайсар жандар», 13:00 Новости, 13:10 «Условия контракта», 15:00 «Тайны. Судьбы. Имена», 16:00 «Зәурер», 17:30 «Менің тағдырым», 18:00 «Народный контроль».

25.01.2019

QAZAQSTAN
0 6:05 Концерт, 07:00 «TANSHOLPAN», 10:00 «HIT QAZAQSTAN», 10:50 «СИҚЫРЛЫ ӨТКЕНШЕК», 11:25 «Оуызқ екеп...», 12:10 «Шырағым», 13:00 AQPAPAT, 13:15 «Ұлт мақтанышы», 13:40 «Ізделім сені», 14:25 «Әйел тағдыры», 15:20 «Айман-Шолпан», 17:00 AQPAPAT, 17:20 «Köñil tolyquy», 18:00 «Ouzyq ekep...», 18:45 «Ұлы дала ұлағаты-2», 19:15 «ІЗДЕДІМ СЕНІ», 20:00 AQPAPAT, 20:55 «QAREKET», 21:50 «ШЫРАҒЫМ», 22:45 «Әзіл әлемі», 23:45 «PARASAT MAIDAN», 00:20 AQPAPAT, 01:15 «Қалампыр», 01:55 «Достар», 02:20 «Ұлт мақтанышы».

ХАБАР
0 6:02 «Әсем әуені», 07:00 «Расти-механик», 07:30 «Таңғы хабар», 08:00 Жаңалықтар, 08:10 «Таңғы хабар», 09:00 Новости, 09:10 «Таңғы хабар», 10:00 «Тракторшының махаббаты», 10:45 «Большая маленькая ложь», 12:00 Жаңалықтар, 12:15 «Сана», 12:40 «Қайсар жандар», 13:00 Новости, 13:15 «Условия контракта», 15:00 «Тарих. Тағдыр. Тұлға», 16:00 «Тағы да сүйі», 17:30 «Менің тағдырым», 18:00 «Біздің қыздары», 18:15 «Көне жетігеннің сыры».

26.01.2019

QAZAQSTAN
0 6:05 «Ultyq amada – umylyqshy ander», 07:40 «Айналайын», 08:50 «Dara jol», 10:00 «Senbilik tań», 10:55 «Shipager», 11:45 «HIT QAZAQSTAN», 12:45 «Әзіл әлемі», 14:20 «ВАЛУ-И», 15:50 «Өзеге жұмбақ әлемім», 18:15 «Jaldaiman», 20:00 «MINBER», 21:00 «MASELE», 21:35 «FORMAT», 23:20 «Сүйе біл», 01:40 «HIT Qazaqstan», 02:30 «MASELE».

ХАБАР
0 6:02 «Тамаша», 07:00 «Махаббат әнім», 08:50 «Өзін өзі тану», 09:00 «Болт и Блпн», 10:30 «Джамия и Аладдин», 11:30 «Шебер аспаз», 12:00 «Бір туынды тарихы», 12:30 «Батыл жүрек», 14:15 «Жаратылыс. Адамзат тарихына саяхат», 15:00 «Затұра: космическое путешествие», 16:45 «Келінжар», 19:00 «Қызық times», 20:15 «Миллион кімге бұйырады?», 21:00 «7 күн», 22:00 «Жи-роль».

27.01.2019

QAZAQSTAN
0 6:05 «Qairly kesh, Qazaqstan», 07:55 «Айналайын», 09:05 «Aqsauy», 09:30 «TANSHOLPAN», 10:45 «Dara jol», 12:00 «ҰЛЫ ДАЛА ҰЛАҒАТЫ-2», 12:30 «Жаңа қрыс», 14:05 «Күзде гүлдейтін ағаш», 15:35 «Өзеге жұмбақ әлемім», 18:00 «Күлтөбе», 18:30 «Ultyq amada – umylyqshy ander», 20:00 «ARTA», 21:00 «ULY DALA SAZY», 22:05 «Köñilді тартулар алағу», 00:15 «Dara jol», 01:25 «Айналайын», 02:30 «Ұлы дала ұлағаты-2».

ХАБАР
0 6:02 «Тамаша», 07:00 «Ана қадір», 08:50 «Самопознание», 09:00 «Я - чемпион», 09:30 «Болт и Блпн», 10:00 «Джамия и Аладдин», 11:00 «Қызық times», 12:00 «Миллион кімге бұйырады?», 12:45 «Батыл жүрек», 13:30 «Одна история», 14:15 «Делай или!» 15:45 «Тракторшының махаббаты», 19:00 «Ауызғи», 21:00 «7 күн», 22:00 «ZERDE», 22:30 «Начало», 23:15 «Батыл жүрек».

15:45 «Зәурер», 17:15 «Менің тағдырым», 17:45 «Bilim», 18:15 «Көне жетігеннің сыры», 18:45 «Келінжар», 19:15 «Тракторшының махаббаты», 20:00 Қорытынды жаңалықтар, 20:30 «Online», 21:00 Итоги дня, 21:30 «Большая маленькая ложь», 22:30 «Отверженные», 23:30 «Начало», 00:15 Қорытынды жаңалықтар, 00:45 «Менің тағдырым», 01:15 «Қайсар жандар», 01:30 Қорытынды жаңалықтар.

КТК
07:05 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ», 07:30 «ҚАЙСАР ЖЕСІР», 08:00 «ТАҒДЫР ҚОСҚАН АСЫЛ ЖАР», 09:20 «БОЛЬШЕ НОВОСТИ», 10:20 «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР», 11:20 «ЮРМАЛА», 13:00 «СВАДЕБНОЕ ПЛАТЬЕ», 15:00 «КЕЛ, КЕЛІНІМ», 18:00 «САҒЫНЫШ», 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21:40 «ПРЕСТУПЛЕНИЕ», 23:20 «ОТМЕНА ВСЕХ ОГРАНИЧЕНИЙ», 01:10 «МИНИСТЕРСТВО ПРАВДЫ», 02:00 «КҮНӨНАР МАХАББАТ», 03:10-04:20 «САҒЫНЫШ».

АСТАНА

тағдырым», 18:00 «Народный контроль», 18:15 «Көне жетігеннің сыры», 18:45 «Келінжар», 19:15 «Тракторшының махаббаты», 20:00 Қорытынды жаңалықтар, 20:30 «Online», 21:00 Итоги дня, 21:30 «Большая маленькая ложь», 22:30 «Хороший доктор», 23:15 «Менің тағдырым», 23:45 Қорытынды жаңалықтар, 00:15 «Вишневый сезон», 01:00 «Ауырмайтын жол ізде», 01:30 Қорытынды жаңалықтар..

КТК
07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 07:30 «ҚАЙСАР ЖЕСІР», 08:00 «ТАҒДЫР ҚОСҚАН АСЫЛ ЖАР», 09:20 «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР», 10:20 «У ВАС БУДЕТ РЕБЕНОК», 12:30 НОВОСТИ, 13:10 «ПРЕСТУПЛЕНИЕ», 15:00 «КЕЛ, КЕЛІНІМ», 18:00 «САҒЫНЫШ», 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21:40 «ПРЕСТУПЛЕНИЕ», 23:20 «ОТМЕНА ВСЕХ ОГРАНИЧЕНИЙ», 01:10 «МИНИСТЕРСТВО ПРАВДЫ», 02:00 «КҮНӨНАР МАХАББАТ», 03:10-04:20 «САҒЫНЫШ».

АСТАНА

06:00 Жаңалықтар, 06:30 Новости «20:30», 07:00 «Гүнештің

«Біздің назарда», 18:15 «Көне жетігеннің сыры», 18:45«Келінжар», 19:15 «Тракторшының махаббаты», 20:00 Қорытынды жаңалықтар, 20:30 «Online», 21:00 Итоги дня, 21:30 «Большая маленькая ложь», 22:30 «Хороший доктор», 23:15 «Менің тағдырым», 23:45 Қорытынды жаңалықтар, 00:15 «Вишневый сезон», 01:00 «Ауырмайтын жол ізде», 01:30 Қорытынды жаңалықтар.

КТК
07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 07:30 «ҚАЙСАР ЖЕСІР», 08:00 «ТАҒДЫР ҚОСҚАН АСЫЛ ЖАР», 09:20 «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР», 10:20 «У ВАС БУДЕТ РЕБЕНОК», 12:30 НОВОСТИ, 13:10 «ПРЕСТУПЛЕНИЕ», 15:00 «КЕЛ, КЕЛІНІМ», 18:00 «САҒЫНЫШ», 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21:40 «ПРЕСТУПЛЕНИЕ», 23:20 «ОТМЕНА ВСЕХ ОГРАНИЧЕНИЙ», 01:10 «МИНИСТЕРСТВО ПРАВДЫ», 02:00 «КҮНӨНАР МАХАББАТ», 03:10-04:20 «САҒЫНЫШ».

АСТАНА

1 6:00 Жаңалықтар, 06:30 Новости «20:30», 07:00 «Қош келдіңіз».

18:15 «Көне жетігеннің сыры», 18:45«Келінжар», 19:15 «Тракторшының махаббаты», 20:00 Қорытынды жаңалықтар, 20:30 «Журналистік зерттеу», 20:50 Открытый диалог с Дуреном Абеевым, 21:00 Итоги дня, 21:30 «Большая маленькая ложь», 22:30 «Хороший доктор», 23:15 «Менің тағдырым», 23:45 Қорытынды жаңалықтар, 00:15 «Вишневый сезон», 01:00 «Ауырмайтын жол ізде», 01:30 Қорытынды жаңалықтар..

КТК
07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 07:30 «ҚАЙСАР ЖЕСІР», 08:00 «ТАҒДЫР ҚОСҚАН АСЫЛ ЖАР», 09:20 «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР», 10:20 «У ВАС БУДЕТ РЕБЕНОК», 12:30 НОВОСТИ, 13:10 «ПРЕСТУПЛЕНИЕ», 15:00 «КЕЛ, КЕЛІНІМ», 18:00 «САҒЫНЫШ», 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21:40 «ПРЕСТУПЛЕНИЕ», 23:20 «ОТМЕНА ВСЕХ ОГРАНИЧЕНИЙ», 01:10 «МИНИСТЕРСТВО ПРАВДЫ», 02:00 «КҮНӨНАР МАХАББАТ», 03:10-04:20 «САҒЫНЫШ».

АСТАНА

06:00 Жаңалықтар, 06:30 Новости «20:30», 07:00 «Қош

18:15 «Көне жетігеннің сыры», 18:45«Келінжар», 19:15 «Тракторшының махаббаты», 20:00 Қорытынды жаңалықтар, 20:30 «Бетпе-бет», 21:00 Итоги дня, 21:30 «Надоело», 23:15 «Менің тағдырым», 23:45 Қорытынды жаңалықтар, 00:15 «Вишневый сезон», 01:00 «Ауырмайтын жол ізде», 01:30 Қорытынды жаңалықтар.

КТК
07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 07:30 «ҚАЙСАР ЖЕСІР», 08:00 «ТАҒДЫР ҚОСҚАН АСЫЛ ЖАР», 09:20 «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР», 10:20 «У ВАС БУДЕТ РЕБЕНОК», 12:30 НОВОСТИ, 13:10 «ПРЕСТУПЛЕНИЕ», 15:00 «КЕЛ, КЕЛІНІМ», 18:00 «САҒЫНЫШ», 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21:40 «ЕЕ СЕКРЕТ», 01:10 «МИНИСТЕРСТВО ПРАВДЫ», 02:00 «КҮНӨНАР МАХАББАТ», 03:10-04:20 «САҒЫНЫШ».

АСТАНА

0 6:00 Жаңалықтар, 06:30 Новости «20:30», 07:00 «Қош келдіңіз», 08:00 Программа «Мамина школа», 08:20 «Маша и медведь»,

вое», 23:30 «Батыл жүрек», 01:00 «Әсем әуені».

КТК

0 7:05 «ӨКІНІШ», 08:15 «ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ-2», 09:20 НОВОСТИ, 10:00 «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР», 11:30 «ЕЕ СЕКРЕТ», 15:20 «СЕСТРА ПО НАСЛЕДСТВУ», 19:10 «СҮМБӨЛЖ КАСТИНГ», 19:00 «БОЛЬШЕ НОВОСТИ», 21:00 «КОГДА ВОЗВРАЩАЕТСЯ ПРОШЛОЕ», 01:30 «СПАСИТЕ НАШУ СЕМЬЮ», 03:00 «ӨКІНІШ», 04:00 «СҮМБӨЛЖ КАСТИНГ», 05:20-05:50 «КТК. ҚОРЖЫНЫНАН».

АСТАНА

06:00 Жаңалықтар, 06:30 Новости «20:30», 07:00 «Қош келдіңіз», 08:00 «Маша и медведь», 10:00 «Абысындар», 11:00 «№309», 13:00 «Шымкент шоу», 15:00 «Я люблю тебя, Азербей», 17:00 «Таңдауым сен», 18:00 «№309», 19:00 «Ел аузында», 19:40 Қаламгер, Мұрат Әуезов, 20:00 «Біздің уақыт», 20:45 «Ғажайып Қазақстан», 21:00

жүрек», 00:00 «Я - чемпион», 00:30 «Әсем әуені»..

КТК

0 7:05 «МАХАББАТЫН ІЗДЕГЕН ҮШЕУ», 08:20 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ», 09:30 «ЮРМАЛА», 11:20 «КОГДА ВОЗВРАЩАЕТСЯ ПРОШЛОЕ», 15:00 «РАДУГА В НЕБЕ», 18:00 «ЖАҢА ӨЗІЛ-ЖАҢА ӨН», 19:30 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ», 20:00 «АЛПАТ», 21:00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ», 22:00 «СЛУГИ НАРОДА», 22:30 «НЕОБРАТИМОСТЬ», 23:30 «МИНИСТЕРСТВО ПРАВДЫ», 00:20 «Я СТЕСНЯЮСЬ СВОЕГО ТЕЛА», 01:50 «МАХАББАТЫН ІЗДЕГЕН ҮШЕУ», 03:00-03:50 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ».

АСТАНА

06:00 «KazNet», 06:30 «Ғажайып Қазақстан», 07:00 «Қош келдіңіз», 08:00 «Маша и медведь», 10:00 «Абысындар», 11:00 «№309», 12:00 «Маша и медведь», 13:00 «Храброе сердце», 14:30 «Дуагер», 16:30 «Ел аузында», 17:00 «Таңдауым сен», 18:00 «№309», 19:00

06:00 «KazNet», 07:00 «Гүнештің қыздары», 08:00 «Біздің уақыт», 09:00 «Маша и медведь», 10:00 «Абысындар», 11:00 «№309», 12:00 «Ел аузында», 13:00 Шәмші еңдерінің көші, 14:00 Күндізгі жаңалықтар, 14:15 «Өзгерісқа за недело», 15:00 «Косатка», 17:00 «Қош келдіңіз», 18:00 «№309», 20:00 Жаңалықтар, 20:30 Новости «20:30», 21:00 «Гүнештің қыздары», 22:00 «Абысындар», 23:00 «Келін бақыты», 00:00 «Қош келдіңіз», 00:40 «Ұрланған тағдыр», 02:00 Жаңалықтар, 02:30 Новости «20:30», 03:00 Бірегей, 03:20 «KazNet», 03:40 «Қалжың-қоржын».

7-АРНА

0 6:00 «Қыздар арасында», 06:40 «Контекста», 07:20 «Элиф», 09:00 «Домохоозяйн», 12:50 «Верните хит», 13:10 «Контекста», 14:10 «Зың-зың Күлпәш», 15:00 «Өз ойым», 16:40 «Саландия», 16:50 «Национальная безопасность», 18:40 «Элиф», 20:30 «Q-елі», 21:00 Лотерея 777, 21:10 «Зың-зың Күлпәш», 22:00 «Между нами девочками», 00:00 «Удивительные люди», 02:00 «Реальная мистика», 02:15 «Айнаолайн», 03:00 «Элиф», 04:30 «Гу-гулет», 05:00 «Жеңіп көр».

қыздары», 08:00 «Маша и медведь», 10:00 «Абысындар», 11:00 «№309», 13:00 «Үздік өндер», 14:00 Күндізгі жаңалықтар, 14:15 «Мақпал мекен», 15:00 «Косатка», 17:00 «Қош келдіңіз!», 18:00 «№309», 20:00 Жаңалықтар, 20:30 Новости «20:30», 21:00 «Таңдауым сен», 22:30 «Абысындар», 23:30 «Келін бақыты», 00:30 «Ұрланған тағдыр», 02:00 Жаңалықтар, 02:30 Новости «20:30», 03:00 Бірегей, Роза Рымбаева, 03:20 «KazNet», 03:40 «Қалжың-қоржын»..

7-АРНА

0 6:00 «Қыздар арасында», 06:40 «Контекста», 07:20 «Элиф», 09:00 «Реальная мистика», 10:00 «Минус один», 11:00 «Удивительные люди», 13:10 «Контекста», 14:10 «Зың-зың Күлпәш», 15:00 «Өз ойым», 16:40 «Между нами девочками», 18:40 «Элиф», 20:30 «Q-елі», 21:00 Лотерея 777, 21:10 «Зың-зың Күлпәш», 22:00 «Между нами девочками», 00:00 «Удивительные люди», 02:00 «Реальная мистика», 03:00 «Элиф», 04:30 «Гу-гулет», 05:00 «Жеңіп көр»..

31

0 6:00 Концерт, 07:00 Информбюро 07:55 «Жігіттер», 10:00 «Доро

08:00 «Маша и медведь», 10:00 «Абысындар», 11:00 «№309», 13:00 «Үздік өндер», 14:00 Күндізгі жаңалықтар, 14:15 «Мақпал мекен», 15:00 «Косатка», 16:00 «Маша и медведь», 16:30 «Таңдауым сен», 18:00 «№309», 20:00 Жаңалықтар, 20:30 Новости «20:30», 21:00 «Таңдауым сен», 22:00 «Абысындар», 23:00 «Келін бақыты», 00:00 «Қош келдіңіз!», 00:50 «Ұрланған тағдыр», 02:20 Жаңалықтар, 02:50 Новости «20:30», 03:20 Бірегей, Динаұра Тілендиева, 03:50 «KazNet»..

7-АРНА

0 6:00 «Қыздар арасында», 06:40 «Контекста», 07:20 «Элиф», 09:00 «Реальная мистика», 10:00 «Минус один», 11:00 «Удивительные люди», 13:10 «Контекста», 14:10 «Зың-зың Күлпәш», 15:00 «Өз ойым», 16:40 «Между нами девочками», 18:50 Лотерея 6/49, 19:20 «Элиф», 20:30 «Q-елі», 21:00 Лотерея 777, 21:10 «Зың-зың Күлпәш», 22:00 «Между нами девочками», 00:00 «Удивительные люди», 02:00 «Реальная мистика», 03:00 «Элиф», 04:30 «Гу-гулет», 05:00 «Жеңіп көр»..

31

1 6:00 Концерт, 07:00 Информбюро 07:55 «Жігіттер», 10:00 «Доро

келдіңіз!», 08:00 «Маша и медведь», 10:00 «Абысындар», 11:00 «№309», 13:00 «Үздік өндер», 14:00 Күндізгі жаңалықтар, 14:15 «Мақпал мекен», 15:00 «Косатка», 16:00 «Маша и медведь», 16:30 «Таңдауым сен», 18:00 «№309», 20:00 Жаңалықтар, 20:30 Новости «20:30», 21:00 «Таңдауым сен», 22:00 «Абысындар», 23:00 «Келін бақыты», 00:00 «Қош келдіңіз!», 00:50 «Ұрланған тағдыр», 01:50 Жаңалықтар, 02:20 Новости «20:30», 03:20 Бірегей, Шұғыла

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті анамыз ҰЛСАРЫ РАХЫМБЕКҚЫЗЫ ӘБДІРАХМАНОВА 70 жасқа толды!

Ол қасиетті Ұлытаудың ұшар биігі саналатын Едіге тауының күнгей бетін жайлаған Ырғайлы өзенінің жағасын қоныс еткен «Қорғантас» деп аталатын ауылда дүниеге келді. Бабас жұртының ерке қызы боп өскен анамыз, мектеп бітіріп, білім алып, еңбекке араласты. Егінді ауылында бас есепші болып еңбек етті, ел шаруашылығының өркендеуіне үлес қосты. Тағдыр қосқан жары Мәліс Шілмағанбетов екеуі бақытты, берекелі отбасын құрып, Қыпшақ елінің келіні атанды. Бақытты өке мен бақытты ана үш бала тәрбиелеп өсірді. Сол үш баладан қазір 9 немере, 1 шөбере сүйіп отыр. Өкініштісі — 47 жыл өмірдің ащы-тұшысын бөліскен жары Мәлістің дүниеден өтіп кеткендігі.



Қадірлі анашым! Енді әкеміз де Сіз, анамыз да Сіз. Алла Сізге әкеміз көре алмаған қызықтарды көруді нәсіп етсін. Деніңіз сау, құмырыңыз ұзақ, бақытыңыз баянды болсын. Мерейтойыңыз құтты болсын!

Жаныңыздың уақыт жазсын қасірет салған жарасын, Біздер үшін саясы мол бәйтерексің, дарасың. Ұл-қызың мен немерелер, шөбереңнің тілегі: 70 жасың құтты болсын, күн нұрындай анашым!

Әкемізді ойлап әлі, жан жүдетіп жылайсың, Сосын тағы ұрпағыңның амандығын сұрайсың. Біз үшін сен — тұнығынан бал өмізген бұлақсың, Біз үшін сен — жанымызға шуақ құйған Күн-Айсың!

Ізгі ниетпен: бауырлары, балалары, немерелері, шөбересі.

Құрметті АЛТЫНАЙ ӨМІРБЕКҚЫЗЫ!

Сізді 35 жас мерей-тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Арманың асқақ, шығар биігің асқаралы болсын! Әрдайым құшағың гүлге, қадамың нұрға тола берсін. Шаңырағыңа күт-бөреке, отбасыңа амандық, деніңе саулық, ұзақ құмыр тілейміз!



Ізгі ниетпен: Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің ұжымы

ҚАЛА ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫНА ТАЛАП КҮШЕЙЕДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)




— Қоғамдық тасымал жол қауіпсіздігі саласында 4 арнайы алдын алу шарасы өтті. Ол іс-шаралар кезінде жүргізушілер, тасымалдаушы кәсіпорындар тарапынан бірқатар құқықбұзушылықтар анықталып, хаттама толтырылды. 15 автобустың техникалық байқаудан өтпей жолға шыққаны анықталса, 16 жүргізуші рөлде шылым шегіп, қалта телефонмен сөйлескені үшін жауапкершілікке тартылды. Сондай-ақ, жол ережелерін қатаң бұзған 3 автобустың мемлекеттік тіркеу нөмірлері тәркіленсе, 9-ы айып тұрағына қойылды, — дейді ЖПҚ бастығы.

Қала басшысы Қайрат Баяндыұлы бұл бағыттағы жұмыс өз бақылауында болатынын жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары күшейетінін жеткізді. Әкімнің айтуынша, биыл қалада бейнебақылау камералары орнатыла бастайды. Бұл тәртіп бұзушы жол-көлік қозғалысына қатысушыларды анықтауға үлкен сеп болады.

Автобустарда тағы бір алаңдататын мәселе — өрт қауіпсіздігі. Жезқазған қаласы төтенше жағдайлар басқармасы бастығының орынбасары Қайрат Қапизов автобустардың арасында газ отынына ауысқандары барын айтып, бұл көліктердегі өрт шығу қаупі жоғары екенін тоқталды. Өткен жылы №3, 11, 98 бағытта қатынайтын автобустардың өрте оранғанын еске салған ол автобус қожайындарына қауіпсіздік шараларын мұқият ескеруді, алдағы уақытта уәкілетті органдар тарапынан тиісті тексерулер болатынын жеткізді.

Жынды қорытындылаған қала басшысы тасымалдаушы компаниялардың басшыларына автопарктер жаңалана, қызмет сапасын арттыру бойынша талаптарды ескертті. — Жергілікті билік тарапынан бұл салаға аз қаражат қарастырылып отырған жоқ. 7 бағыт бойынша қызмет көрсететін кәсіпорындар 22 млн теңге көлемінде субсидия алады. Былтыр тасымалдаушылардың ұсынысы бойынша жолақысы да өсірілді. Сіздерден енді осыған сай сапалы қызмет талап етіледі. Нарықта жергілікті кәсіпкерлердің қызмет еткенін жөн санаймыз, алайда, сапалы қызмет болмаса бұл мәселені қайта қарауға мәжбүр боламыз, — деді Қайрат Баяндыұлы.

Өз тілшіміз Суретті түсірген Ғалия ӘБДИПАПРОВА



ТЕГІН ХАБАРЛАНДЫРУЛАР ҚАБЫЛДАНАДЫ Қарағанды, Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау, Жаңаарқа аудандарына тарайтын «Saryarqa» аймақтық газетіне WhatsApp желісі арқылы сату/сатып алу, жалға беру/жалға алу, қызмет көрсету туралы тегін хабарландыру қабылданады. Хабарландыру мәтіні 10 сөзден аспауы және екеуден артық емес телефон нөмірі көрсетілуі, әр аптаның сәрсенбісінен кешіктірілмей +7(705) 911-13-63 нөміріне жолдануы керек.

ЛЕБІЗ

Журналист-жазушы Итен Қарымсақұлы 1973-1980 жылдары «Жезқазған туы» газеті редакциясында бөлім меңгерушісі қызметін атқарды, редакция алқасының мүшесі, партбюро мүшесі болды. Ол — әрі корректор, әрі кезекші редактор ретінде газетті оқып, оның бірінші нөмірін жарыққа шығаруға қол қойған журналист. И.Қарымсақұлы — әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті журналистика факультетінің түлегі. Қазірде Алматы шаһарында тұрады. Республикалық «Құқықтық Қазақстан» газеті бас редакторының орынбасары. Баспасөз саласындағы ұзақ жылдарғы жемісті еңбектері үшін Қазақстанның Құрметті журналисі, Қызылорда қаласының Құрметті азаматы, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты атақтарын алды. «Еңбек ардагері» медалі, «Қазақстан Республикасының прокуратурасына 20 жыл» мерекелік медалі, «Сыр бойы» газетіне 85 жыл» мерекелік медалі, «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалі, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ы.Алтынсарин төс белгісі, өзге де сый-сияпаттар көрсетілді. Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі.

САРЫАРҚАДАН ЖЕТКЕН САМАЛ

...2018 жыл да, міне, көзді ашып-жұмғанша тарих қойнауына еніп кетті. Жаңа жылдық демалысты, өрине, біз секілді зейнеткерден гөрі үйдегі бала-шаға, немерелер қызықты өткізгісі келеді. Жылдағы әдеттерімен бүгін де тауға шығып серуендеуге кеткен. Даңғарадай тыныш үйде кепірімін екеуіміз ғана. Алпыс жылдан астам қолынан қаламын тастамаған адам мұндайда не істеуші еді, тағы да шұқыланып бірдеңе түртікісі келіп тұрады. Көзі талып шаршағанша ғаламтор ақтарып, дүниенің жаңалығына қаныққысы келеді. Мұны қарт журналистің кәсібі «ауруы» десек те болады. Үй оңаша болғандықтан, бүгін де сол ескі әдетпен ғаламторды шарлап отырмын... өзім үшін аса бір ыстық тарихи құнды ақпаратты тауып алдым. Шінде менің де есімімді атапты. Мәселе онда емес, мұндағы ел-жұртқа керек тарихи ақпарат Сарыарқадан жеткен самалдай көңілімді сергітіп жіберді. Ұмытыла бастаған алмағайып жылдар көз алдыма келді. Одан бері де қырық бес жыл уақыт өткен екен...

...Сонау өткен ғасырдың 70-жылдарының басы. Дәлірек айтсақ, 1973 жылы Торғай облыстық «Торғай таңы» газетінде жауапты хатшының орынбасары болып қызмет атқарып жүрген кезім. Тәжірибелі журналист қажет болып, облыстық «Жезқазған туы» газетіне қызметке шақырды. Жаңадан құрылған Жезқазған облысы Сыр бойымен шектеседі, елге қатынауға да жақсы. Ата-анам да елге жақындауды қалайлады. Сондықтан келістім. Екі-үш апта ішінде біраз мақалалар әзірледім. Содан газеттің 13 сәуірдегі алғашқы нөмірін тәжірибелі корректор болмағандықтан өзім оқыдым нәм кезекші редактор ретінде тұңғыш газеттің жарыққа шығуына қол қойдым. Бұдан соң облыстық баспасөздегі мемлекеттік құпияларды қорғау басқармасының өкілі газетті басуға рұқсат берді. Ол кезде газет шығару ауыр, қорғасынмен теріледі, түні бойы баспа құралдары су жаңа баспаханада жүріп, таң ата үйге шаршап өрең қайтқаным есімде. Сол газетте сегіз жылға жуық алғашқы жылдары өнеркәсіп бөлімінің, содан соң совет құрылысы бөлімінің меңгерушісі қызметін атқардым, әрі алқа мүшесі нәм партбюро мүшесі болдым. Шүкір,

басқан кешегі «Жезқазған туының» алашқы саны жарық көргеніне 45 жыл толып отыр. Аз-маз шегініс жасасақ... 1973 жылы 20 наурызда Қазақ КСР Жоғарғы кеңесі төралқасының Жарлығымен елімізде Маңғышлақ және Жезқазған облыстары құрылды. Жаңадан шаңырақ көтерген Жезқазған облысының құрамына Жезқазған, Балқаш, Қаражал қалалары мен Ақтоғай, Жезді, Жезқазған, Жаңаарқа, Шет аудандары өнді. Сондай-ақ, Шет, Жаңаарқа аудандары мен Қаражал қаласына қарасты бірнеше елді-мекенді біріктірген Ақдәуір ауданы пайда болды. Жаңа облыстың өз баспасөз органы болуы заңды. Жаңа газет ашу жұмысы қолға алынып, 13 сәуір күні облыстық «Жезқазған туы» газетінің алғашқы саны оқырман қолына тиді. Газетті алғашқы редактор Сайлаубек Қожамсейітов бастаған, Сайлаухан Нәкенов, Шәкізада Дәрмағанбетов, Итен Қарымсақов, Ізбасар Қабдырахманов, Қасым Орынбетов қостаған топ жарыққа шығарды. Осы жылдар ішінде газетте журналистердің бірнеше буыны алмасты. Қаншама жастың дарыны ұшталып, қалам қабілеті артты. Осы газет қабырғасынан кейін елге танымай болған талай ақын, жазушы, қаламы қуатты журналистер түлеп ұшты. Қырық бес жылда газетте ана емес, аймағымызда, тұтастай ел өмірінде аз өзгеріс болған жоқ. «Жезқазған туының» ашылуына себепші болған облыс тарабы, облысының не мәңгі жасайтындай көрінген Кеңестер одағы да ыдырап тынды. Бірден шыт жаңа мемлекеттік жүйе орнай қоймаса да, бұрынғы тәртіп босансып, өмір ағыны жаңа қалыпқа түсті. Нарық деген түсінік өнді. Бар тіршілік, тұрмысты сол нарық заңы басқаратын болды. Рухани өміріміз де түрленіп сала берді. Өткенге оралып, ескіні жаңартуға, тарихты жаңа қырынан тануға мүмкіндік туды. Сол кезеңдерде жергілікті жұртшылықтың, көзі ашық, көкірегі ояу ааайынның ұсынысы, тіпегімен газетіміздің атауы да «Сарыарқа» болып ауысыпты. Атауы өзгергенмен, газет бастапқы мақсат-мұратынан, темірқазық ұстанымынан жаңылмады. Бұлай болуына алдыңғы буын ағаларымыздың үлесі зор екенін ерекше атап өтеміз және сол кісілердің ерен еңбегіне бас иеміз!



Бүгінгі нөміріміздің елүлі бөлігі осы «Жезқазған туы» — «Сарыарқа» тарихына арналып отыр. Бас редактордан деп оқырманға сөз арнаған соң газеттің негізін қалаған, редакция жұмысын жүйелі жолға қойып, шығармашылық дәстүрлерін қалыптастыраған, сандаған шөкірт тәрбиелеген редакторларды атап өту керек. «Жезқазған туының» алғашқы басшысы С.Қожамсейітов газеттің уығын шаңшып, шаңырағын тіктесе, одан кейін тізгінді қолына алған Ұзақбай Төлеуов он жылға жуық редакторлық өтіп, газеттің өзіндік жолын қалыптастырды. Газеттің шығарма-шылық тұрғыда толысқан тұсы да осы шақ екенін айтады алдыңғы буын ағалар. Газет ұжымы алдыңғы ағалардың жолын жалғап, оқырман алдындағы парызын адал атқара бермек. Заман талабына сай түрленіп, жаңа амалдарды да меңгеруіміз. Күні кеше газеттің сайты ашылып, арқаның ақпаратын өлеміз тарапу мүмкіндігін ішпенгенімізді сүйнілген өдік. Оқырмандар қатары да күрт артып кетпегенімен, соңғы жылдардағы межеден төмендей қоймады. Осы орайда газетке үнемі қолдау танытып жүретін барша жанашыр жандарға алыс білдіреміз. Қуаныш құтты, «Сарыарқамыз» құмырлы болсын, ааайын!». Міне, аз да, көп те емес, мені толғантқан осы



мақаланы қысқартып ұсынуды жөн көрдім. Авторы — Дархан Мұхан. Ол — өзім шаңырағын көтеріп, уығын шаңшыған бұрынғы Жезқазған облыстық газетінің заңды мұрагері, аймақтық «Сарыарқа» газетінің бас редакторы екен. Енді ше, сонау тарих қойнауында қалған газеттің тарихын біз секілді аға буынның еңбегімен қоса тіріліп, алғашқы нөмірі жарық көргенінің 45 жылдығын кеңінен жариялап, мерейтойлық медаль шығарып, мөценаттардың қолдауымен Жезқазған қаласында дүріктетіп тұрып тойлап жіберіпті. Деген ғаламтор арқылы іздестіріп Дархан Қабылдаушының ұялы телефон тауып алып, қуана құттықтадым. Ол да риза болып, дер кезінде хабарласа алмағанын айтып жатыр. Өрине, ол мені қайдан білсін, өйткені мен 1980 жылы газеттен Сыр бойына ауысып кеткенімде, әлі дүниеге келмеген бала ғой. Маған бала болып көрінсе де, мынау еткен еңбегі нағыз дананың ісіндей көз алдыма өлестеді. Қатты сүйсіндім. Қарсақбайдың тумасы екен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлегі. Осы газеттің тілшісі, бөлім меңгерушісі болып жұмыс істеген. ҚР Ұлттық ұланы /бұрынғы Ішкі әскері/ «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығында қоғаммен байланыс жөніндегі офицер қызметін атқарған, Qamshy.kz ақпарат агенттігінде бас редактор болған. Газеттің бас редакторлық қызметін 2016 жылдың желтоқсан айынан бері атқарып келеді. Отбасылы, екі баласы бар. Баяғы менің жасымдағы отызға енді келген қазіргі немерем мен жасты, болайын деп тұрған жігіт. «Талабың оңға басың, шырағың аман болсақ, Арқа төсінде жолығармыз» деп, жалынды жастың жігеріне жігер қосу үшін осы жазбадағы асығыс қағаз бетіне түсіріп, соңына:

Қарайым, құтты болсын талаптарың, Ұзақ жолда талмасың қанаттарың. Ғажайып ғаламтордың арқасында, Осылай түлген ойды сабақтадым, — деп бір шумақ өлең жалғап, осы мақаланы босағамыздан аттаған Жаңа жылда Алматы шаһары зиялы қауымының сүйікті газеті «Алматы ақшамына» жедел жолдадым. Итен ҚАРЫМСАҚҰЛЫ, Қазақстанның Құрметті журналисі, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Қызылорда қаласының Құрметті азаматы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. АЛМАТЫ.

ӨНДІРІСТІ ӨЛКЕНІҢ ӨМІР НӘРІ

Кеңгір су қоймасы туралы не білеміз?

Осыған орай, облыстық су ресурстары жөніндегі комитет су қоймасы аймағының талапқа сай таза ұсталуына назар аударып, қажетті шаралармен қамтамасыз етуге тиіс. Халық ауызсыра осы қойманың суын тұтынып отырғанын естен шығаруға болмас. Ауыз-суды толықтай жерасты суына көшіру мәселесі ондаған жылдардан бері айтылып жүрсе де шешімін таппай келеді. Үлкен Жезқазғанның алғашқы қадасы қағылған тұста бұл жерде 50 мың тұрғыны бар шағын өндірісті қала болады деп жобаланған екен. Ал Жезқазған облыс орталығы болып тұрған кезде халық саны 100 мыңнан асып жығылса, қазір 90 мыңдай адам бар. Болашақ қаланың өркен жаюын оймен шолға білген Қаныш Имантайұлы сол кезеңде: «Бұл су қоймасы қазіргі жағдайға өбден жеткілікті, алдағы уақытта Жезқазғанға Ертіс-Қарағанды каналының суы келеді» деп, тағы бір үлкен жобаның шет жағасын жария еткен көрінеді. Өткен дүние, осы тамаша жоба қолға алынған заманда көрген ғалым, асыл азамат арамызда жоқ еді. Қыруар қаржыға салына бастаған Ертіс каналы Жәйремеге дейін салынып, Жезқазғанға жетпей қалғанын жұртшылық жақсы біледі. Иә, суызыз емір жоқ. «Судың да сұрауы бар» дейді халқымыз. Ендеше, қаламызға тіршіліктің нәрін беріп отырған қасиетті Кеңгір су қоймасын бағалап, аялай білейік.

Амандық РАХҰЛЫ

Жезқазған шаһарының жылнамасы

- 1955 жыл 1955 жылдың желтоқсан айына дейін Алексей Савельевич Саратов Жезқазған қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы болды.
1955 жылдың наурыз айынан 1956 жылдың желтоқсан айына дейін Алексей Николаевич Баранов Жезқазған қалалық атқару комитетінің төрағасы болды.
Наурызда қалалық атқару комитетінің шешімімен Жезқазған қалалық денсаулық сақтау бөлімі құрылды.
Тамыз айынан бастап «Джезказганский рабочий» қалалық басылымы жарыққа шыға бастады.
Қазан айында Жезқазған №1 көн-байыту комбинатына қажетті жұмысшы мамандар дайындау үшін №13 техникалық училище ашылды.
№8 орта мектебі ашылды.
Жезқазғанның Құрылысшылар поселкесінде №6 кәсіптік мектеп өз жұмысын бастады.



сында хабар-шарсыз кеткен жезқазғандық жауынгерлерге арнап «Белгісіз солдат» ескерткіші орнатылды.
1 мамырда бетон зауытының құрылысы аяқталды.
25 мамырда мамандандырылған жөндеу-механикалық басқармасы құрылды.
15 қазанда Жезқазған қалалық әскери комиссариаты (ЖҚӘК) құрылды.
Жезқазған шпайкай-профилакторий үйінің алғашқы емдеу корпусы Чехов көшесіндегі екі

қабатты ғимаратта орналасты. Кейін ол Кеңгір су қоймасының жағалауына қоныс аударды.
Темір-бетон бұйымдар зауыты, екі асфальт-бетон зауыты, үш ірі бөлікті сынақ алаңы, екі темір-бетон сынақ алаңы, Қызылжар қиыршықты құм қарьерінің құрылысы аяқталды.
«Орленок» балалар мен жасөспірімдердің мәдени демалуына және жалпы денсаулығын сауықтыруға арналған лагерь ашылды.
Никольский қалашығында өкпе ауруларын емдейтін екі шағын аурухана негізінде туберкулез диспансері еңбекшілерге қызмет көрсете бастады.
Қалалық мемлекеттік архив ашылды.

1957 жыл
15 маусым күні Жезқазған қалалық еңбекші депутаттар кеңесінің атқару комитетінің 1957 жылғы 5 маусымға қарасты №73 шешімімен Жезқазған қаласында №23 жетіжылдық мектеп негізінде 210 орынды мектеп-интернат ашылды.
19 маусым күні Жезқазған қалалық еңбекші депутаттар кеңесінің атқарушы комитетінің шешімімен Жезқазған қаласында №1 балабақша ашылды.
ҚазКСР Министрлігі кеңесінің жанынан Мемлекеттік ғылыми-техникалық комитет құрылуына байланысты Жезқазған жобалау тобы Қазгипроцетмет мемлекеттік ғылыми-техникалық комитетінің басқармасына берілді.
Академик Қ.Сәтбаевтың ұсынысы бойынша Қазақ КСР Ғылым академиясының Президиумы тәжірибелік стансын негізінде ҒА Ботаника институты Жезқазғандағы бөлімшесін ұйымдастыру жөнінде шешім қабылдады.